

«8D05108 – Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иманалиева Мөлдір Тамдыбекқызының «Онтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында дәрілік *Gentiana tianschanica* Rupr. және *Gentiana olivieri* Griseb. өсімдіктерінің ценопопуляциясының қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

### РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| Р/Н<br>№ | Өлшемшарттар   | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)  | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)  |
|----------|--|---|--|
| 1.       | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы | <p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p> | <p>Ғылымның даму бағыттарына сәйкес. Диссертациялық жұмыс биоалуантүрлілікті сактау, биоресурстарды тұрақты колдануға байланысты мемлекеттік бағдарламалар аясына кіреді.</p> <p>«8D05108 – Геоботаника» білім беру бағдарламасына сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жогары ғылыми-техникалық комитеті бекіткен «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер» атты басым бағытына сәйкес келеді.</p> |

|    |                        |  |   |
|----|------------------------|--|---|
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.              | Диссертациялық жұмыс биология ғылымының геоботаника, ботаника және экология салаларына елеулі үлес қосады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі жан-жақты негізделген. Ізденуші жүргізген зерттеу <i>Gentiana tianschanica</i> және <i>Gentiana olivieri</i> өсімдіктерінің табиги популяцияларының қазіргі жағдайы туралы маңызды ғылыми мәліметтер ұсынады. Далалық зерттеулер негізінде аталған түрлердің таралу аймағын көрсететін популяциялық карталар жасалынды. Сонымен қатар, <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің жер үсті және жер асты мүшелерінен фитохимиялық, және морфо-анатомиялық зерттеулер жүргізілді. Бұл диссертациялық жұмыс ғылым үшін маңызды жаңа мәліметтер ұсынып, теориялық және практикалық тұрғыда құндылығын айқындайды. |
| 3. | Өзі жазу принципі      | Өзі жазу деңгейі:<br>1) <u>жоғары</u> ;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаган.           | Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші жоғары ғылыми жазу мәдениетін көрсетті. Диссидент зерттеудің барлық кезеңдеріне тікелей қатысып, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін нақты айқындалап, тәжірибелерді жоспарлап жүргізген. Алынған нәтижелерге талдау жасап, кейбір ғылыми деректерді дербес өндеген.  |
| 4. | Ішкі бірлік принципі   | 4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:<br>1) <u>негізделген</u> ;<br>2) ішінара негізделген; | Оңтүстік-Шығыс Қазақстан флорасында дәрілік өсімдіктер, әсіресе <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> , жоғары фармакологиялық қасиеттерімен ерекшеленеді. Бұл түрлердің   |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>3) негізделмеген.</p>   | <p>құрамындағы алкалоидтар, гликозидтер мен фенолдық қосылыстар дәстүрлі және заманауи медицинада кеңінен колданылады. Алайда климаттық өзгерістер, антропогендік факторлар және табиги ресурстарды шамадан тыс пайдалану олардың табиги популяцияларының қыскаруына алып келуде. Зерттеудің мақсаты – аталған түрлердің популяциялық жағдайын, экологиялық бейімделу ерекшеліктерін бағалау және орынды пайдалану жолдарын анықтау. Бұл жұмыс биоалуантүрлілікті сактау, табиги ресурстарды тиімді басқару және фармацевтикалық бағытта жаңа препараттар әзірлеу үшін маңызды. <i>Gentiana</i> түрлері экожүйенің тұрактылығында, топырақ эрозиясына қарсы тұруда және микробиота үшін қолайлы орта қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.</p> <p>Зерттеу нәтижелері табигатты қорғау мен дәрілік өсімдіктерді тұракты пайдалану стратегияларын әзірлеуге ғылыми негіз бола алады.</p> |
|  | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> | <p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды.</p>  |
|  | <p>1) <u>айқындайды;</u></p>                                     |   |
|  | <p>2) ішінара айқындайды;</p>                                    |   |
|  | <p>3) айқындаамайды.</p>   |   |

|    |   |   |
|----|---|---|
|    | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p> | <p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара логикалық байланысқан және құрылымы біртұтас. Жұмыс ішкі бірлігімен ерекшеленеді, ұсынған ғылыми қагидаттарды дәлелдеу және растау принципі толықтай сакталған.</p> <p>Ізденуші ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қагидаттар, әдістер) негізделіп, бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Кейбір талдау әдістеріне модификациялар енгізілген. Зерттеу нәтижелері экспедициялық материалдар мен далалық зерттеулер деректеріне сүйене отырып алынған.</p> |
| 5. | <p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>  | <p>Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен қагидаттар толықтай жаңашыл сипатқа ие. Қазақстанда кездесетін <i>Gentianaceae</i> тұқымдасына жататын <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> түрлерінің 6</p>  |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  | <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>        | <p>табиги популяциясы анықталып, олардың карта-схемасы құрастырылған.</p> <p>Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында аталған түрлерден жиналған тұқымдар алғаш рет Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиги ресурстар министрлігіне қарасты Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитоинтродукция институты» РМК-ның «Қазақстанның табиги флорасының тұқым банкі» зертханасына тапсырылған. Бұл жұмыс аталған түрлердің генофондын сактау ісінде маңызды қадам саналады.</p> <p><i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің жер үсті және жер асты мүшелерінің фитохимиялық құрамы жан-жакты қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде бұл өсімдіктердің биологиялық белсенеді заттарға бай екендігі анықталып, <i>G. Olivieri</i>-ң тамыр бөлігінде сирек кездесетін және фармакологиялық тұрғыда маңызды сиринг қышқылы (мг/100 г) бар екені дәлелденген.</p> <p>Бұл дәрілік өсімдіктердің табиги популяцияларының қазіргі экологиялық ахуалы Қазақстанның оңтүстік-шығыс жағдайындағы ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан бағаланған. Зерттеу нәтижелері аталған өсімдіктерді сактау, қалпына келтіру және фармацевтикалық мақсатта тиімді пайдалану үшін ғылыми негіз ұсынады.</p> |
|  | <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?</p> | <p>Жүргізілген кешенді зерттеулер нәтижесінде <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> дәрілік</p>  |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></p> <p>2) <b><u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></b></p> <p>3) <b><u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</u></b></p> | <p>өсімдіктерінің 6 популяциясы мен 18 ценопопуляциялары Қазақстанның Оңтүстігі мен Оңтүстік-Шығысында тіркеліп, олардың таралу аймағы, геоботаникалық сипаттамалары және өсімдіктер қауымдастырының флоралық құрамы жанжақты сипатталған. Тұрлердің мекен орындарында топырак кесінділері салынып, әрбір горизонттың морфологиялық сипаттамасы ұсынылған. Химиялық сынамалар нәтижесінде топырактың негізгі агрохимиялық көрсеткіштері де берілген. Зерттеулердің нәтижесінде <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> тұрлерінің биологиялық және экологиялық ерекшеліктері жайлы құндығының деректер алынған. Бұл мәліметтер аталған өсімдіктердің қазіргі жағдайын бағалауга, табиги ортадағы экологиялық-биологиялық ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауда мүмкіндік береді.</p> |
|  | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>   | <p>Зерттеу барысында қабылданған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдердің 75%-ы жаңашыл сипатқа ие. Ғылыми жұмыста жалпы қабылданған классикалық әдістермен қатар, қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен цифровынан өндірілген күралдары тиімді пайдаланылды.</p>   |
|  | <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></p> <p>2) <b><u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></b></p> <p>3) <b><u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</u></b></p> |   |

|    |                                      |  |  |
|----|--------------------------------------|--|--|
| 6. | Негізгі корытындылардың негізділігі  | <p>Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>   | <p>Алынған нәтижелер жүргізілген зерттеудің әдістемелік ауқымымен, қолданылған зерттеу және статистикалық талдау әдістерімен толық расталған. Барлық негізгі корытындылар ғылыми негізделген дәлелдерге сүйенеді. Негізгі тұжырымдар мен нәтижелер автордың далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары мен зертханалық тәжірибелерінің нәтижесінде алынған нақты деректерге негізделген.</p>   |
| 7. | Корғауға шығарылған негізгі ережелер | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> | <p>7. Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми қағидаттардың шынайылығы күмән туғызбайды. Далалық және зертханалық зерттеулерде заманауи әдістер қолданылып, фитохимиялық талдаулардың нәтижелері теориялық тұжырымдарды растайды. <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің популяциялары бойынша флоралық құрам анықталып, гербарий материалдары жинақталып, олардың актілері жасалған.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста тривиалды (өздігінен белгілі немесе бұрыннан белгілі) элементтер жок. Зерттелген барлық процестер жаңашыл сипатқа ие, қолдану ауқымы кең және олардың ғылыми құндылығы халықаралық деңгейдегі басылымдарда жарияланған енбектермен дәлелденген.</p> <p>7.3 Зерттеу нәтижесінде алынған әрбір тұжырымның жаңалығы нақты дәлелдермен негізделген.</p> <p>7.4 <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің 6 популяциясы мен 18</p> |

|    |  |  |  |
|----|--|--|--|
|    |  | <p>1) <u>ија</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.4 Қолдану деңгейі:</b></p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p><b>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</b></p> <p>1)<u>ија</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>ценопопуляциясының құрылымы, экологиялық-фитоценоздық ерекшеліктері мен биоморфологиялық көрсеткіштері зерттелген. Зерттеу барысында аталған есімдіктердің жапырақ, сабак және тамыр бөліктерінен алынған фитошикізат сұйық хроматография әдісі негізінде талданып, нәтижесінде 10 фенолдық косылышты анықталған, олардың сипаттамалары ұсынылған. Бұл <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> есімдіктерінің фармакологиялық әлеуетінің жоғары екендігін көрсетеді.</p> <p><b>7.5.</b> Зерттеу нәтижелерінің ғылыми құндылығы мен өзектілігі 7 халықаралық басылымда жарияланған.</p> |
| 8. | Дәйектілік қагидаты.                             | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:  | Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістемелердің таңдалуы ғылыми негізделген және әдіснама нақты көрсетілген. Алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігі геоботаника мен ботаника салаларында кеңінен қолданылатын стратегиялық есептеу әдістерінің әдістемелік түргыдан дұрыс қолданылуымен қамтамасыз етілген.  |
|    | Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 1) <u>ија</u> ;  |  |
|    |  | 2) жок.  |  |

|  |   |   |
|--|---|---|
|  | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иia;</u><br/>2) жок.</p>  | <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми-зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу технологияларын колдану негізінде алынған. Бұл мәліметтер компьютерлік технологиялардың көмегімен өндөліп, статистикалық талдаулар R Studio бағдарламасында жүргізілген.</p> |
|  | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <b><u>дәлелденген және расталған</u></b> (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иia;<br/>2) жок.</p> | <p>Барлық негізгі қорытындылар геоботаникалық, морфологиялық-анатомиялық және фитохимиялық кешенді зерттеулердің негізінде жасалып, теориялық тұрғыдан да ғылыми түрде расталған.</p>   |
|  | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <b><u>расталған</u></b> / расталмаған.</p>   | <p>Маңызды ғылыми тұжырымдар мен мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен дәйектелген.</p>  |
|  | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b><u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></b>.</p>   | <p>Диссертациялық жұмыс аясында 193 ғылыми әдебиет колданылған. Пайдаланылған дереккөздер саны мен мазмұны жүргізілген әдеби шолуды толық қамтамасыз етеді және зерттеу тақырыбының теориялық негізін жеткілікті деңгейде ашады.</p>  |

|   |                               |  |   |
|---|-------------------------------|--|---|
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:   | <p>Зерттеу жұмысының нәтижелері теориялық және колданбалы міндеттерді шешуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Оңтүстік-Шығыс аймағында таралған <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің популяцияларын кешенді түрде зерттеу – олардың қазіргі жайкүйін гылыми тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.</p>  |
|   |                               | 1) <b>бар;</b>   |   |
|   |                               | 2) жок.  |   |
|   |                               | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: |   |
|   |                               | 1) <b>и я;</b>   | <p>Зерттеу барысында алынған нәтижелер <i>G. tianschanica</i> және <i>G. olivieri</i> өсімдіктерінің экологиялық бейімделу ерекшеліктері мен фитохимиялық құрамын зерттеудің теориялық негіздерін кеңейтеді. Бұл өсімдіктердің популяциялық құрылымы мен таралу аймактарына қатысты мәліметтер биология және экология гылымдарына жаңа деректер қосып, сирек және бағалы өсімдік түрлерін зерттеу әдістемесін жетілдіруге үлес қосады. Алынған гылыми ақпарат биоалуантүрлілікті сақтау, табиги ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық стратегияларды әзірлеу үшін маңызды база ретінде қарастырылады.</p> |
|   |                               | 2) жок.  |   |
|   |                               | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?   |   |
|   |                               | 1) <b>толығымен жаңа;</b>  | <p>Практикалық ұсыныстары жаңа. Зерттеу нәтижелері дәрілік өсімдіктерді қорғау, олардың табиги популяцияларын қалпына келтіру және олар негізінде жаңа</p>  |
|   |                               | 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);   |   |

|     |                           |  |   |
|-----|---------------------------|--|---|
|     |                           | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).   | фармацевтикалық өнімдер өзірлеу үшін қолданылуы мүмкін. Фитохимиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған биологиялық белсенді заттар – бұл өсімдіктердің медициналық мақсатта пайдалану алеуетін көрсетеді. Алынған деректер фармацевтикалық өндіріс пен дәрілік өсімдіктерді өсірудің тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы жобаларда пайдаланылуы мүмкін.  |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жогары;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p> | Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жогары. Ғылыми еңбек қойылған талаптарға сай дайындалған, ал автор диссертацияны жазу барысында ғылыми стиль нормаларын қатаң сақтаған.   |
| 11. | Диссертацияга ескертулер  |  | Диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес қойылған барлық міндеттері толыктай орындалған. Алайда диссертация мазмұнында берілген өсімдіктердің кейбірінің латынша атауларында орфографиялық ( <i>Secale silvestre</i> – <i>Secale sylvestre</i> және т.б.) қателер жіберілген. Қосымшада ұсынылған 22-кестеде кейбір өсімдік түрлерінің қазақша атаулары ( <i>Aeluropus repens</i> – «жатаган соран», <i>Aeluropus rupestris</i> – «тікенді соран» және т.б.) дұрыс берілмеген. Өсімдік түрлерінің атауларын (мысалы, <i>Achnatherum Splendens</i> , <i>Aeluropus repens</i> және т.б.) соңғы таксономиялық өзгерістерді ескере отырып, «Plants of the World Online (POWO) электрондық ресурсы бойынша сәйкестендіру қажет. Дегенмен аталған кемшіліктер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді. |

|     |   |   |
|-----|---|---|
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | Зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми мақалалар түрінде жарық көріп, оның ішінде: 2 мақала Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 1 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналда, ал 4 мақала халықаралық ғылыми конференциялардың материалдары жинақтарында жарияланған.  |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)   | «8D05108 – Геоботаника» білім беру бағдарламасы аясында ұсынылған «Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында дәрілік <i>Gentiana tianschanica</i> Rupr. және <i>Gentiana olivieri</i> Griseb. өсімдіктерінің ценопопуляциясының казіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың авторы Иманалиева Мәлдір Тамдыбекқызы Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін. |

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
География кафедрасының аға оқытушысы, PhD

